

4-Панельдік Сессия, 24 сәуір 2021
«Магистратура мен Докторантура Денгейінде Жазудағы
Жанр және Іс-Әрекетті Таңдау»



[00.01] Адина Арвату:

Мен нақты білмеймін, бірақ біз қазір эфирдеміз деп үміттенемін. Жарайды, адамдар қосылуда, бастамас бұрын тағы бірнеше минут күтейік. Сәлеметсіз бе! Бізге қосылған қатысушылармен сәлемдесейік. Сонымен, НУ-дағы «Жазу жайлы әңгіме» атты симпозиумның осы жылғы соңғы панельдік сессиясына қош келдіңіздер! Мен, доктор Адина Арвату, осы панельдің модераторы боламын. Бастамас бұрын айта кетейін, сұрақтарыңызды чатта жазуларыңызға болады. Менің әріптесім, Теадора Сирианиан, сіздердің сұрақтарыңызды қадағалауға көмектеседі, сосын панельдің соңында біз оларға жауап береміз. Мен сіздерден микрофондар мен камераларыңызды өшірулеріңізді сұраймын, бұл ақаулар мен шуылдарды азайту үшін қажет. Рахмет. Кейбір қатысушылар әлі де бізге қосылып жатса да, мен бірден жұмысымызға кірісуімізді ұсынамын. Егер сіз біздің алдыңғы сессияларымызға қатысқан болсаңыз, не күтетініңізді, форматы қандай болатынын білетін шығарсыз. Алайда, бізге алғаш рет қосылғандар үшін қайталай кетейін. Біз осы жылы сынап көрген форматымыз төрт спикерден тұратын панельдерден тұрады: академиялық жазу орталығының екі оқытушысы, олар біздің НУ-да және одан тыс жерлерде жазу мәдениетін құру және қолдау жолындағы әртүрлі іс-әрекеттеріміз жайлы айтып береді. Оған қоса, біз басқа пән оқытушыларын да шақырамыз. Себебі олар біздің жазу жайлы білімді тарату және жазу мәдениетін дамуын қолдау жолындағы серіктестеріміз. Сонымен қатар біздің панельге қатысу үшін, біз әрдайым студенттерімізді шақырамыз, өйткені олар да бұл мәселедегі біздің негізгі серіктестеріміз. Енді сіздерге біздің панельдік сессиямыздың спикерлерін қысқаша таныстыруға рұқсат етіңіздер, содан кейін шамамен 15 минуттық әр презентациядан кейін біз сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге біраз уақыт қалдырамыз. Сондықтан біз сіздердің сұрақтарыңызды күтеміз. Алдыңғы сессиялар кезінде қойған сұрақтарыңыздан өздеріңіз туралы және сіздердің қызығушылықтарыңыз туралы көп білдік. Сұрақтар қоюларыңызды сұраймыз. Жарайды, мен доктор Бриджит Гудмэнды таныстырудан бастайын. Былайша айтқанда, мен тақырыпты талқылау үшін жағдай орнатқаннан кейін, ол кісі бірінші болып сөз сөйлейді. Доктор Бриджит Гудмэн - Назарбаев Университетіндегі Жоғары білім беру мектебінің көп тілді оқыту саласындағы профессор, оның ғылыми-зерттеу қызығушылықтары Еуразиядағы тілдік

білім беру саясаты мен практикасына, педагогика ретінде тілдік аудармаға және әр түрлі тілдерде академиялық дағдыларды игеруге бағытталған, бұл біздің контекстімізде өте маңызды. Бүгін ол жаңа айтылған соңғы тақырыпқа қатысты зерттеулерімен бөліседі. Бриджиттің сөзінен кейін менің әріптесім Джеймс Суайдер академиялық жазу орталығындағы консультациялар мен семинарларында жанрлық педагогиканы қалай қолданатынымыз туралы әңгімелейді. Джеймс – НУ-дегі академиялық жазу орталығының жазу бойынша нұсқаушысы. Ол жазу орталығындағы магистранттарға / докторанттарға қолдау көрсету процесін басқарады, сондықтан біздің әдіс-тәсілдерімізді магистранттар / докторанттардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге көмектеседі. Джеймс Қытайдағы Цинхуа университетінде сабақ берген. Атауын шамалап болса да, дұрыс айттым деп үміттенемін. Бұл туралы ол өзінің презентациясында аздап айтатын болады. Онда ол академиялық жазу, әдебиет және шығармашылық жазудан сабақ берді. Оның қызығушылығына жазу орталығының педагогикасы және риторикалық талдау жатады, қазіргі уақытта докторлық диссертацияны жалғастыруда. Барлық алдыңғы оқу белестерін сәтті аяқтағаныңызбен құттықтаймыз! Ол PhD кандидаты және ... кешіріңіз, Джим, осы орайда менің есіме түсіріп, көмектесе аласыз ба?

[06.57] Джеймс Суайдер:

Пенсильвания университетіндегі қолданбалы лингвистика және академиялық жазу. Керемет бағдарлама, егер сіз осы университетке баруды ойлап жүрсеңіз, мен кеңес бере аламын.

Адина Арвату:

Жақсы, рахмет. Көмектескеніңіз үшін рахмет. Джеймстен кейін біз Ален Асқардан жазу курсындағы тәжірибесімен бөлісуін сұраймыз, ол курс жайлы мен сіздерге жақын арада айтамын. Ален Асқар Назарбаев Университетінің Еуразиялық зерттеулер бойынша PhD кандидаты. Ол Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінде тарих магистрі дәрежесін алды, оның ғылыми қызығушылығы - Ресей империясы кезіндегі мұсылман интеллигенциясы, ал дәл қазір, мен дұрыс түсінсем, Кеңес кезеңіндегі Қазақстанның тарихы. Қазіргі уақытта ол кеңестік Қазақстандағы тың жерлерді игеру науқанын зерттеп жатыр. Демек, бұл біздің спикерлер тобы.

Өзім туралы бірнеше сөзден бастайын. Мен, басында айтқандай, Назарбаев Университетіндегі жазу орталығы бағдарламасының нұсқаушысымын. Академиялық жазу курстарын бастапқы және жетілдірілген деңгейлерде жүргіземін. Назарбаев Университетінде Еуразиялық зерттеулер бағдарламасының докторанттарына арналған жазу семинарын өткіземін, ол

туралы біраз уақыттан кейін айтатын боламын. Мен философия ғылымдарының докторы дәрежесін Монаш Университетінде қорғадым, оқу орындарының атауларын бүгін ұмыта бергеніме ыңғайсызданып тұрмын. Монаш Университеті, Мельбурн қаласы, Австралия, және таңқаларлық емес, менің ғылыми қызығушылығым жанрлық теориялар мен педагогиканы және, жалпы, пәнаралық білімді қалыптастыруды қамтиды. Сонымен біз бүгін сіздермен жанрлық педагогика туралы және оның сабақта не үшін пайдалы екендігі туралы, магистратура және докторантураның студент-жазушыларының қажеттіліктерін қалай қанағаттандыратындығы туралы, жазу мәдениетінің дамуын қолдауға қалай көмектесетіні туралы айтамыз. Мен Еуразиялық зерттеулер бағдарламасы аясында 2019 жылдан бастап дәріс беріп келе жатқан жазу бойынша семинар туралы қысқаша презентациядан бастағым келеді. Осы курстағы тәжірибесі туралы Ален сіздерге кейінірек айтып береді. Бұл курс студенттер үшін әдеттен тыс болып келеді, бірақ тек Қазақстан студенттері үшін ғана емес дер едім. Неліктен бұл ерекше екенін түсіндіріп берейін. Бұл семинарда студенттер тек кейбір жанрлармен айналысып қана қоймай, көптеген теорияларды оқуы керек, және де бұл жазуды жалғастыру практикасы жайлы ойларына қайшы келеді. Бұрынғы жазу практикасына оралу - көптеген магистратура бағдарламаларында, тек Қазақстанда ғана емес, тіпті, ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде де әдеттегі күту болып табылады. Магистранттар / докторанттар өздерінің жазу дағдыларын анағұрлым айқын емес, тек өз пәндері бойынша іс-шара, тәжірибеге қатысу арқылы дамытады деп күтілуде. Байқағанымыз, иммерсия, оны біз иммерсиялық модель дейміз, бұл иммерсиялық модель біз ойлағандай пайдалы емес. Бұл бізге қажет деңгейде жұмыс істемейді, сондықтан жазу саласындағы зерттеулер сияқты пәнаралық бағыт пайда болды. Сонымен, бұл WCS 730 курсы, жазу бойынша семинар, студенттерге нақты ақпарат беріп, барлығын түсінікті ету үшін құрастырылды, және студенттер тек тапсырма алып, жазып және нәтижелерімен оралуы керек болатын көлеңкеде жаза бермеу үшін. Барлығын нақтылап, студенттерге қажетті сөздік қорын, құралдарын, жанр теориясы мен практикасымен танысу арқылы жазушылық дағдыларын дамыту және машықтандыру мүмкіндігі мен кеңістігін қамтамасыз ету үшін.

[12.29]

Бұл осы семинарға тән ерекше нәрсенің бірі. Бұл курстың тағы бір ерекшелігі, оның аты да айтып тұрғандай, ол циклдардан құралған. Ол: «Жанрдан стильге және кері қарай» (*“From Genre to Style and back”*) деп аталады, бірақ бұл біз өтетін жалғыз цикл емес. Курс тәжірибелік компоненті бар семинар ретінде

ойластырылған, сондықтан біз жанрлар туралы теориялық жұмыстарды талқылаймыз, бірақ содан кейін үйренгендерімізді қолданатын тәжірибелік практикум болады. Содан соң біз оның қаншалықты жақсы жұмыс істейтіндігі туралы ойланамыз да, семинарға рефлексиямыздың нәтижелерімен ораламыз және теориялардың өзін бағалаймыз, оларды талдаймыз. Сонымен, өздеріңіз көріп отырғандай, біз теориядан практикаға және кері қарай, әлеуметтік іс-әрекет ретіндегі жазудан жеке практикаға және кері қарай, конвенциялардан, стандарттардан және күтуден студенттердің өз іс-әрекетін таңдауға дейін және кері қарай, осындай көптеген циклдарды бастан кешіреміз.

Енді бұл циклдардың барлығы кері байланыс пен рефлексияға негізделген. Тапсырмалар құрылымы негізінен жеті тапсырмадан, бағаланатын тапсырмалардан тұрады, бірақ курстың алғашқы нұсқасында А («өте жақсы») деңгейі қосылды. Өйткені жаңартылған жеті тапсырманың бесеуі жұмыстың жобалық нұсқасын жазу және оны түзетіп өңдеу кезеңдерінен өтті. Сонымен, кері байланыс беру және жазбаша жұмыстарды қайта қарау циклі, оның барысында студенттер көп жазуға мәжбүр болды, мен бұл өте қарқынды болғанын білемін. Менің ойымша, олар мұны күтті деп ойламаймын, мүмкін Ален бұл туралы айтатын шығар, бірақ курстың соңында студенттерден алған пікірлер бойынша, олар мұны шынымен де күткен жоқ. Сонда да студенттер бұл курсты сәтті аяқтады. Енді мен жанрлық педагогика студенттерге мансап жолында және жазушылық қажеттіліктерін жүзеге асыруда көмектесетін етіп курсты қалай құруға тырысатыным туралы айтып өтейін. Мен бірнеше жанрлық теорияларды қолданамын, біз оларды таңдап аламыз, кейбірін оқып, талқылаймыз, содан кейін жанрларды, академиялық мақсаттар үшін ағылшын тіліндегі, немесе қысқаша ЕАР, жанрлық теориялар мен педагогикалық әдістерді қарастырамыз. Осы тақырыпты әрі қарай зерттеуге қызығушылық танытқандар үшін мен олардың әдебиетте қалай ұсынылғанын көрсетемін. Біз қолданатын тағы бір негізгі парадигма - риторикалық социологиялық жанр, теориялық парадигма, және мен мұның негізінде академиялық сауаттылыққа, теориялық зерттеулерге сүйенемін. Мұның бәрін бір-бірімен байланыстыратын нәрсе - олардың екінші тілді игерудегі тапшылық (дефицит) моделінен бас тартуы. Біз зерттеудің халықаралық сипатқа ие болып жатқанын көріп отырмыз, сондықтан қазіргі кезде ағылшын тіліндегі зерттеулерді тек ағылшын ана тілі болып табылатын адамдар жүргізеді деп ойлай алмаймыз. Мен үшін де ағылшын тілі – ана тілі емес, ал екінші тіл үйренудегі тапшылық моделі ағылшын тілі өздерінің алғашқы тілі емес студенттерді қандай да бір жолмен білімін қосып хабардар етуді ұсынады. Оларда жоқ нәрсені түзету идеясының бір түрі, және оларға лингвистикалық білім беру үшін оқытудың түріне назар аударылады. Алайда, біз білетіндей, академиялық жазу - бұл ана

тілінде сөйлейтіндер де үйренуі керек нәрсе. Бұл туа біткен шеберлік емес, сондықтан бізге басқаша тәсіл қажет болды, ал жанрлық педагогика дегеніміз – сондай тәсіл, шебер тәсіл. Зерттеулер көрсеткендей, жанрлық педагогика студенттердің академиялық риторикалық және лингвистикалық дағдылары мен өзіндік тиімділіктерін арттырады, немесе жақсартады. Мен сіздерге осы жерде бірнеше сілтемелер ұсындым. Осы слайдқа енгізген екінші зерттеуім - бұл Қазақстанда өткізілген зерттеу екеніне өздеріңіздің назарларыңызды аударғым келеді.

[17.48]

Сонымен қатар доктор Гудмэн бұл тақырыпты өз сегментінде қарастыра алады. Енді сіздерге осы курста қарастырылатын жанрлар туралы негізгі түсінік беруге тырысайын. Сонымен, біз негізгі ашық жанрларды қарастырамыз. Біз қарастыратын ашық немесе көпшілік жанрлардың барлығы ғылыми зерттеулерге байланысты, өйткені қазіргі уақытта магистранттар / докторанттар зерттеуді байыпты қабылдауы керек, және бұл зерттеулерге қатысты жанрларға ғылыми мақалалар, ғылыми мақалалардың аннотациясы, конференция тезистері және студенттер дәреже алу үшін жазуы керек мульти-жанрлы, өте күрделі түр болып табылатын диссертация кіреді. Бұған қоса, бұл курста олар өз мансабында алға жылжу барысында құрал бола алатын бірнеше ірі академиялық жанрларды жазуы керек. Мысалы, жанрларды талдау, жауап мақалалары және кәсіби жазу. Егер қаласаңыз, кәсіби жазу туралы соңында сөйлесуге болады, өйткені бұл бір күтуден ауытқу болып саналады. Кәсіби мамандандырылған жазу - бұл негізінен шығармашылық жазу бағдарламаларында қолданылатын академиялық жанр. Алайда, мен осы жерде тоқтап, бұл туралы сұрақтарыңыз болса, мен сіздермен кейінірек қуана-қуана сөйлесемін. Енді өте қысқаша. Осы бір тақырыптың үлгісін сіздерге көрсетіп тұрғаным, сіздерге алдымен теориялық тұрғыдан нені талқылап, содан кейін сабақтың практикалық бөлігінде өте байыпты талдайтынымызды түсіндіру үшін. Дәлірек айтсақ, ғылыми мақалалардың кіріспе бөлімдері үшін Джон Суэйлзтің CARS моделі бойынша. CARS - бұл зерттеу кеңістігін құруды білдіретін қысқартылған сөз, бірақ мен қазір бұл жайлы егжей-тегжейлі айтпай-ақ қояйын. Бұл туралы сіздермен кейін толығырақ сөйлесуге қуанышты боламын. Алайда, біз студенттермен пікірлескенде, Суэйлзті және басқа да EAP авторларын оқып, талқылағанда, оларды таң қалдыратын нәрсе - бұл жазу жұмысындағы кіріспе бөлігінің моделі негізінен олардың докторанттар, жазушы-докторанттар ретіндегі жұмысын сипаттайды. Өйткені, PhD жазушылары, барлық зерттеушілер сияқты, өздерінің маңыздылығын және таңдаған пәніне немесе дискурстық қоғамдастыққа үлес қоса

алатындығын көрсетуі керек. Сондай-ақ мен әрдайым студенттердің назарын CARS моделі экологиялық метафораны қолданатындығына аударамын. Бұл бізді тауашаны құру туралы ойлауға мәжбүр етеді. Бұл қарапайым тілде нені білдіреді? Егер сіз биология мен эволюция теориясын еске алсаңыз, тауашалық теорияларға сәйкес, организм қоршаған орта тітіркендіргіштері мен қысымына жай ғана жауап бермейді, бірақ іс жүзінде бейімділігін арттыру үшін қоршаған ортаны өзгертуде белсенді болады. Сондықтан бұл ортақ процесс. Студенттер сыртқы қысымға жауап беріп қана қоймай, сонымен бірге өздерінің зерттеу ортасын түрлендіруі керек. Біздің бүгінгі тақырыбымыз - жанр және әрекеттік таңдау. Менің ойымша, жанрлық педагогика докторанттардың жазуға қатысты ерік-жігері мен іс-әрекетті таңдау мүмкіндігі қаншалықты жоғары екенін, олар тек конвенциялар мен күтулердің қысымында емес екенін көрсетуге көмектеседі. Жақсы, ал мұнда... Иә, білемін, бұл слайдта өте көп ақпарат, сәл шыдамды болыңыздар, өтінемін. Бұл тапсырманың үлгісі біздің веб-сайтымызда қол жетімді, сондықтан сіздер оны бос уақытта көре аласыздар. Тағы да айтарым, мен бұған қазір көп уақыт бөлмеймін, айтқым келгені – бұл студенттер WCS 730 курсына орындайтын тапсырманың үлгісі.

[22.41]

Бұл жанрлық талдау. Бұл тапсырма жазу сабағынан тыс кезде сіздер үшін таныс емес болуы керек. Ол ЕАР педагогикасына негізделген және мәтін орындайтын немесе қолдайтын әлеуметтік функцияларды, ондағы риторикалық сөз орамдарын және, сайып келгенде, осының бәрін іске асыратын құралдарды нақтылау, анықтау үшін белгілі бір жанрға жататын мәтіндерді терең талдаудан тұрады. Бұл тапсырма бұған дейінгі ұқсас тапсырмаға негізделген, атап айтқанда, ғылыми мақала жанрының талдауы тапсырмасы, магистратура кезінде мұндай тапсырманы орындағандықтан докторантура студенттері үшін таныс. Тапсырманың циклі ғылыми мақалалардың жанрлық талдауы үшін қолданылған циклмен бірдей. Олар менің пікірімді қабылдағаннан кейін жұмысты пысықтап, оны ойластырды. Ал енді олар өздерінің қолданған, білгендерін диссертациясында қолдануы қажет. Мәселе диссертацияның зерттеу жанры екендігінде және оның ғылыми мақаланың құрылымымен де байланысы көп екендігінде. Осылайша, осының барлығы туралы айта отырып, мен жанрлық педагогиканың өте пайдалы екендігін жеткізуге тырысамын, өйткені ол студенттерге тек үстірт мәтіндік элементтерге ғана емес, «мен мұны қалай жазуым керек» деп ойлауға мүмкіндік береді. Қандай сөздерді қолдану керек? Жаргон қолданған жөн бе? Не істеу керек? Әрине, егер қаласаңыз, сіз интернеттен осы жайлы көптеген

ақпаратты таба аласыз. Бірақ сіз интернеттен таба алмайтын нәрсені, мысалы, ғылыми мақалалар немесе басқа сондай жанрды іздесеңіз, белгілі бір ережелер мен шарттарды қашан және қалай қолдануға қатысты нұсқауларды таба алмайсыз. Оған қоса, сізде еркіндік болған кезде, мысалы, егер сіз ережелерді сәл өзгерткіңіз келсе, немесе оларды басқаша қолданғыңыз келсе. Егер сіз бір нормалардың орнына басқаларын қолданғыңыз келсе. Біз өз курстарымызда бұның бәрін жасаймыз. Шындығында, біз студенттерге осындай жағдайларда шешім қабылдау туралы, қандай элементтерге назар аудару керек екендігі туралы кеңестер береміз. Сіз жазуыңыз керек мәтін түріне байланысты практикаға, контекстке, әлеуметтік әрекетке назар аударуыңыз керек. Сіз назар аударып, өзіңізден сұрауыңыз керек: «не нәрсеге қол жеткізуге тырысамын, не істегім келеді, қайда бара жатырмын, бұл қандай мақсатқа қызмет етеді?». Осыдан кейін ғана практикалық мәселелер туралы алаңдауыңызға болады: ««біз» сөзін қолданамыз ба немесе барлық жерде ырықсыз етісті қолданамыз ба?». Сонымен, мен айтқанымдай, жанрлық педагогика жазуға тұтас көзқараспен қарау үшін пайдалы. Жанр тек мәтіннің жасалуы туралы ғана емес, сонымен бірге неге осылай жасалатындығы, оның қандай әлеуметтік функцияларды орындайтындығы туралы, және екі аспект те магистратурада / докторантурада жазудың кілті болып табылады. Джеймс академиялық жазу орталығының педагогикасында «қалай?»-дан «неге?» сұрағына көшу туралы, оған қоса, консультациялар мен практикалық семинарлардағы әдіс-тәсілдеріміз жайлы толығырақ айтып береді. Жақсы. WCS 730 курсына қатысты сіздердің назарларыңызды аударғым келетін соңғы мәселе. Бұл – менің сұрауым бойынша 2019 жылы курстың соңында жазылған шолудың үзіндісі. Осы курстағы студенттердің бірінші тобынан маған кері байланыс хаттарын жазуды сұрадым. Семестр бойы мен оларға көптеген «мадақтау-хаттарын» жаздым, және, шын мәнінде, семестрдің соңында мен олардан осы курстағы тәжірибелері туралы өз пікірлерін жазуларын сұрадым, тек курсты бағалауға және басқасына назар аудармай. Бұл бір студенттің пікірінен үзінді. Менің ойымша, бұл біздің курста жасаған істерімізді қолдаудың керемет көрінісі. Студенттің пікірінше, бұл міндетті, әрі қарқынды курс олардың кәсіби саласына өте пайдалы болды және олардың академиялық өсуіне көмектесті.

[28.23]

Біз практикада қолданған жанрлардың бірі, және мен басында атап өткен тапсырмалардың бірі - конференция тезистері. Студенттер оларды магистрлік диссертациясының негізінде жазып, өз салалары бойынша конференцияларға ұсынуы керек. Осылайша, біз таңдаған жанрлардың студенттердің мансабына

сәйкес келетіндігін және олардың кәсіби дамуын қолдайтындығын көрсетеді. Бұл дегеніміз, студенттер нақты кері байланыс пен айқын күтулерді бағалайды. Мен бір нәрсені айтуды ұмытып кеттім, мүмкін, бір слайд артқа қарай оралсам, кешірерсіздер. Мен берген тапсырма сипаттамасының бір жағындағы мына бағанды көрсеткім келеді. Осыны мен сол жылы қолдануға шешім қабылдадым, өйткені студенттермен тапсырма сипаттамасы туралы аздап бейресми сұхбаттасып, олардың кейбір сұрақтарының алдын алуым керек деп ойлады. Мысалы, сіз мұны қалай түсінесіз? Мақсаты қандай? Мен мұны барлық тапсырмаларды сипаттау үшін жасаймын және сіздерге де осындай «сұхбаттасуды» қолдануға кеңес беремін, өйткені бұл студенттерге сіз олармен әңгімелесіп жатқаныңызды көрсетеді. Сонымен, мен бұл шолуды көрсетуге шешім қабылдағанымның тағы бір себебі - студент ең соңында өзінің кәсіби саласындағы жазба жұмыстарына жүгінеді. Бұл тапсырма кезінде студенттер жұмыстың құрылымы мен тұжырымдамаларына, және т.б. қатысты өзіндік креативті шешімдер қабылдай алады.

Жалпы, бұл курста шешуші рөлді студенттердің өздерінің әрекеттік таңдауы атқарғанын қаладым. Иә, сіз ережелер мен конвенцияларды білуіңіз керек, стандарттарды қабылдап, әрі үміттерді ақтап, өзіңізді дискурстық қоғамдастықтың толық мүшесі ретінде ұстауыңыз керек. Бірақ мұның бәрін автономды агент ретінде жасаңыз, шешім қабылдаңыз, қажеттіліктерді біліңіз, нақты не үшін жасау керектігін біліңіз. Сонда бәрі жақсы болады. Жарайды, осымен менің презентациям аяқталды, мен келесі сөз кезегін Бриджитке бергім келеді, ал ол бізбен өзінің зерттеу нәтижелерімен бөліседі.

[31.23] Бриджит Гудмэн:

Адина мен Кэри, сіздерге осы симпозиумды ұйымдастырғандарыңыз және мені қатысуға шақырғандарыңыз үшін рахмет. Өздеріңіз естігендей, мен НУ Жоғары білім мектебінде көптілді білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессорымын. Біз белгілі бір дәрежеде жазу орталығынан алшақ болғанымызбен, біздің мектеп 2013 жылы жеке заңды тұлға ретінде құрылып, 2019 жылы Назарбаев Университетінің құрамына енгендіктен, біз студенттердің қажеттіліктері мен көзқарастарын өте ұқсас түсінетіндіктен бірге жұмыс жасаймыз.

Осы тәсілдерді талқылау бір-біріміздің жұмысымызды нығайтуға және қолдауға көмектеседі, болашақта да біздің жұмысымызды қолдайды деп үміттенемін. Сонымен мектебіміз туралы аздап айтып кету керек, ең алдымен, бұл жоғары мектеп, сондықтан біз магистранттар мен докторанттарға ғана

сабақ береміз. Біздің университеттің басқа мектептеріндегідей, бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін жеткілікті жоғары деңгейде білу қажет: магистратураға IELTS 6.5 немесе PhD докторантура бағдарламасы бойынша 7, бірақ бұрын ағылшын тілінде оқытатын университетте оқыған немесе университеттегі магистратурада оқуға дайындықтың негізгі бағдарламасынан сәтті өтіп, бірақ төмен балл жинаған студенттерді қоспағанда.

Студенттердің орыс және қазақ тілдерін, сондай-ақ шет тілдерін, әсіресе, көптілді білім беру магистрлік бағдарламасын меңгеру деңгейі әртүрлі. Бізде француз, испан, корей және түрік тілдерін, сондай-ақ қосымша ана тілдерін жетік білетін филологтар бар. Менің айтайын дегенім, ресми түрде Қазақстанда 130 ұлт пен ұлыс тұрады. Сондықтан бізде ана тілі өзбек тілі болып табылатын, бірақ өздері қазақстандық студенттер оқи алады. Қытайда туып-өскендер де бар, сондықтан олар қытайлық мандарин тілінде сөйлейді, бірақ әртүрлі себептермен Қазақстанға орта немесе жоғары білім алу үшін қайтып оралған. Адина айтқандай, біз мұны ағылшын тілінің жетіспеушілігі немесе тапшылығы деп қабылдағымыз келмейді, керісінше студенттердің көптеген тілдерді үйренуде және қолдануда үлкен тәжірибесі бар екенін және бұл тілдерді ресурстар ретінде көретіндігін мойындайтындарын айтқым келеді.

Біздің мектепте біз өзіміздің оқу жоспарымызды құра аламыз, сондықтан жоғары білім беру мектебінде барлық магистранттар екі жыл бойы ағылшын тілінің академиялық курстарында оқиды, сонымен қатар тест нәтижелері негізінде бір семестр бойы қазақ тілі курсынан өтеді. Бұрын академиялық ағылшын тілінің бір семестрі PhD докторантура бағдарламасына енгізілсе, енді бұл бағыт аздап кеңейіп, студенттерге қолдау көрсету мақсатында бірнеше жазу курстарын ұсынады. Адина айтқандай, академиялық жазудың ең қиын екі курсына: магистрлік және докторлық диссертациялар жазуда.

Маған сенсеңіз, мен ана тілінде сөйлейтін адам ретінде осындай курстарға қол жеткізгім келеді. Мен Пенсильвания Университетінің студенті кезімде тек шетелдік студенттер ғана белгілі бір мақсатта ағылшын курсынан өткен болатын, ал енді барлық студенттер ана тіліне қарамастан академиялық коммуникацияны қолдаудың түрі ретіндегі қажеттілігін ескеріп осы курстан өтуі керек. Адина айтқандай, біздің академиялық ағылшын тілі мұғалімдері және мен академиялық ағылшын тілін оқытпаймын, дегенмен мен магистрлік диссертация жазу процесін қадағалаймын, сондықтан мен диссертациялар жазу бойынша семинарлар өткіземін, сонымен қатар конференцияларға плакат / постер дайындау сияқты белгілі бір жанрлар қажет болатын басқа курстар өткіземін.

Біз постерлермен конференциялар өткізе алатын сол уақытта мен Фил Номинал деп атайтын біздің академиялық ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Филипп Монтгомери өзінің мақаласында Адинаның өз презентациясында сипаттаған жанрлық көзқарасты ұстанған мәтін деконструкциясының түрін сипаттаған біздің академиялық ағылшын мұғалімдерінің бірі болды. Сонымен қатар 2019 жылғы біздің мақаламызда Адинаның өз презентациясында оны қалай жасайтындығы, біз бұл тәсілді академиялық сауаттылық тұрғысынан қалай орналастыратынымыз туралы сөйлесеміз, бұл бірінші кезекте академиялық жазу тек жазу үшін ғана керек емес, негізінен әлеуметтік процесс екенін көрсетті. Жазу коммуникативті мақсатта және коммуникативті аудитория үшін жасалатынын және коммуникацияның мақсаты мен стилі контекстке байланысты екенін мойындайтын боласыз. Елге байланысты, тілге байланысты, пәнге байланысты болады. Тарих, инженерия немесе математика сабақтарында коммуникация қалай жүреді және сіз бакалавриат немесе докторантура деңгейінде қалай байланыс жасайсыз, сіз қазақстандық аудиториямен немесе халықаралық аудиториямен немесе сізбен бір тақырыпты оқып жатқан курстастарыңызбен немесе студенттермен қалай байланыс жасайсыз, міне осының бәрі айырмашылыққа әсер ететін болады.

Қазір бізде тағы бір жоба мен мақала бар, онда біз қазақ тіліндегі жанр туралы білімнің орыс және ағылшын тілдерімен бірдей емес екенін анықтаймыз. Сондықтан, біз академиялық ағылшын тұрғысынан осы тақырып туралы жиі сөйлескен кезде абай болғаныңыз жөн. Ол қазақ, орыс немесе басқа тілдерде жазу немесе сөйлесу тәжірибесімен тікелей сәйкес келе бермейді.

[37.45]

Сонымен, бүгін таныстыратын нәрсе - мен және менің әріптестерім жоғары білім беру мектебінде жүргізген зерттеу нәтижелері. Біз аралас тәсілді қолдандық, сондықтан сандық зерттеу үшін біз сауалнама құрдық және мектебіміздің алғашқы төрт жылындағы барлық студенттеріміз бен түлектерімізден жанрлар туралы білімдерін дамытуды үш тілде айтып беруін сұрадық.

Бізде жанрды білу дегеннің не екендігі туралы бірнеше критерийлері мен бөлімдері болды, және олар бұл дағдыларды қаншалықты меңгергені туралы ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде жауап беруі керек болды. Біз олардан педагогикалық қолдау туралы сұрадық, өйткені біз студенттерге жанр туралы білімді дамытуға не көмектесетінін, оларды қалай қолдай алатынымызды түсінуге тырысамыз.

Сонымен қатар біз әдебиет және оқытушыларымыздың тәжірибесіне сүйене отырып, студенттердің айтуы бойынша осы дағдыларды дамытуға көмектесетін профессорларымыз бен оқытушыларымыздың жасайтын әр түрлі бөлімдердің тізімін жасадық. Біз сондай-ақ сапалы зерттеулер, фокус-топтар мен сұхбаттар өткіздік. Сонымен, әр түрлі магистрлік бағдарламалардан топтық сұхбат, сонымен қатар студенттермен және түлектермен жеке сұхбат өткізілді.

Бізде студент-докторанттардың саны өте аз болғандықтан, докторанттардың сауалнамаға қатысуы да аз болды, сондықтан біз түсінігімізді контексттеу үшін және сауалнаманың жауаптарын жақсы түсіну үшін негізгі бағытты магистранттарға шоғырландыруға шешім қабылдадық. Шынымды айтсам, мен этнографпын, сондықтан сапалы зерттеу әдісін қолдануға тырысамын. Мен жаңа сұрақтарға жауап беру үшін аралас тәсілге көштім. Деректер көрсеткендей, болжам жасамау үшін маған осы сапалы түсінік қажет болды.

Сонымен мен бүгінгі презентацияда неге назар аудару керекпін. Шынымды айтсам, бізде төрт түрлі басылымға арналған мәліметтер жеткілікті болды, мен зерттеу нәтижелерінің барлығын қамти алмаймын, бірақ бүгінгі презентацияда мен үш сұраққа қысқаша тоқталайын. Студенттер мен түлектердің пікірі бойынша академиялық дағдыларды немесе жанрлар туралы білімді дамытуға қандай педагогикалық тәжірибелер ықпал етеді?

Студенттер жанрларды құруға қабілеттілігі бар деген дағдыларды әртүрлі тілдерде қалай жеткізеді? Мұнда біз өзіндік тиімділік терминін қолдана аламыз, яғни олардың осы стильдерді қалай қолданатындығы және олармен қалай сөйлесетіні туралы таңдау жасауға күші бар. Соңында, осы бағыттағы зерттеу мен оқытудың келесі қадамдары қандай?

Сонымен мен жазу дағдыларын дамытудың үш педагогикалық әдісін атап өткім келеді. Нөмір бірінші, шын мәніндегі бірінші нөмір, бұл- мұғалімнің нақты кері байланысы. Сауалнамадан өткен 60 студенттің ішінде педагогикалық қолдаудың бес балдық шкаласы бойынша орташа балл 4,47 құрады.

Бұл керемет жоғары рейтинг, бұл ең жақсы рейтингке ие педагогикалық қолдау болды және бұл біздің тәжірибемізге сәйкес келеді. Біздің студенттер жұмысқа орналасса және баға алса, бірақ кері байланыс ала алмаса, шағымданады. Кері байланыс - студенттерді жазуға үйрететін нәрсе.

Сондықтан көптілді білім берудің студенті Кристиан былай дейді: «Маған орыс тілінде жазу стилін қолданатындығымды айтты, өйткені кіріспемнің

ұзақтығы шамамен 20 сөйлем болатын. Мен кіріспеге бәрін жазғым келді, ол дұрыс емес. Менің академиялық ағылшын тілінің нұсқаушысы маған тақырыптың қысқаша мазмұнын ойластыруым керек және сөздердің санын азайтуым керек деді ».

Мұнда біз стиль дұрыс емес деп айтпаймыз, тек стиль орыс тіліне сәйкес келеді деп айтамыз. Академиялық ағылшын тілі үшін, тіпті ағылшын тілі үшін бұл әдемі сөйлем болуы мүмкін, бірақ ағылшын тіліндегі академиялық жазу үшін бұның тиімділігі аз және онша орынды емес. Осы туралы анық және тікелей айту Кристиан үшін пайдалы болып, жазуға деген көзқарасын өзгертуге көмектесті.

[42.18]

Тағы бір маңызды аспект – сараптамалық баға (екінші тармақ). Бұл тармақ бұрынғыдай жоғары баға ала алмады, бірақ бес балдық шкала бойынша 3,79 - бұл да өте жоғары көрсеткіш. Пікірлерді ерекше атап өткім келеді, олар орта білім беру бағдарламасының түлегі Ботадан, айтпақшы, бұл есімдердің барлығы ойдан шығарылған: «Біз диссертация жазу курсына оқыған кезде, бір-бірімізге диссертация жұмысымыздың кейбір бөліктерін қарастыру үшін бергенде, біз көмектесу мақсатында, бәрін оқып, кеңес беруге тырыстық. Тек грамматика тұрғысынан ғана емес, зерттеуші ретінде түзетуді қажет ететін бөліктер тұрғысынан да». Біздің ойымызша, бұл мәлімдеме өте маңызды, өйткені көбінесе жазу туралы және кері байланыс туралы ойлағанда біз тек грамматика туралы ойлаймыз, тек сөйлемнің жеке құрылымы туралы ойлаймыз, бұл сөзсіз маңызды, дегенмен, сонымен қатар кеңірек, неғұрлым тұтас ойлау керек. Бұл дәйексөз бізге бұл түлектің осыны түсіне бастағанын, оны көре бастағанын, өзін зерттеуші ретінде қарастыра бастағанын, өзін, әріптестерін, курстастарын зерттеушілер ретінде көретінін және осы тұрғыдан пікірлерін білдіретіндігін көрсетеді. Менің ойымша, біз бұл туралы Аленнен тарихшы ретінде жазудың мағынасы туралы айтқан кезде естиміз.

Үшінші тармақ бойынша да, тағы да біздің студенттердің оған өте жоғары баға бергенін көруге болады. Бұл рубрикалар мен модельдерді қолдану. Сонымен, егер сіз рубриканың түрімен таныс болмасаңыз, мен оны сұрақ-жауап сабағында көрсете аламын, бірақ, мәні бойынша, рубрика - бұл мәтінді бағалауға арналған әртүрлі критерийлер тізімі бар кесте және онда мәтіннің қаншалықты керемет екендігі, өте жақсы екендігі, жақсы екендігі, қанағаттанарлық, әлсіз немесе сәтсіз мәтін болуы да сипатталады.

Егер сіз IELTS-пен жұмыс істеген болсаңыз, IELTS-тегі жазбаларды бағалауға арналған рубрикалардың бар екенін білемін, бірақ тағы да соңында сізге нақты

мысалдарды көрсете аламын. Сонымен, бұл жағдайда Бота тағы да жауап береді және іс жүзінде ол өзінің академиялық ағылшын тілі сабақтарында рубрикаларға әбден үйренгенін айтады, тіпті пәндік сабақтарда менде «Бұл тапсырмаға арналған рубрика бар ма?» деген сұрақ жиі кездеседі. Сондықтан менің рубрика жасауым керек болар еді.

Бірақ студент жанр тұрғысынан оқытылмайтын қазақ тілінің академиялық курсына барғанда, ол курстасынан: «Ал, рубрикалар қайда? Үлгілер қайда?» - деп сұрады. Олар бәрі осылай сабақ береді деп ойлады. Мұны қолданған соншалық пайдалы деп есептеген студенттер басқа мұғалімдердің басқа тілдердегі курстарында осы қолдауды сұрау үшін өз еріктеріне жүгінген.

Сіз жазып отырған адамнан қандай үміт күтетінін білу өте пайдалы және бұл дағды тек сабақта жазу үшін ғана қажет емес. Мысалы, егер сіз халықаралық конференцияға баяндама жіберіп жатсаңыз. Студенттерге айтарым, әр конференцияда, мақалалар сұратылған кезде, сол ұсыныстың / жобаның қалай бағаланатындығы туралы критерийлер болады. Халықаралық рецензияланатын журналға мақала жібергенде де солай болады. Журналдарда әдетте жалпы критерийлер бар, егер сіз рецензент болсаңыз, оларда құжаттарды бағалаудың өте жалпы немесе ерекше критерийлері болуы мүмкін. Жеке профессорлардың критерийлері әртүрлі болады, кейбіреулері сіз үтір қолданғаныңызды, ал кейбіреулері контекстті көрсететіндігіңізді немесе контекстте салыстыру жүргізгеніңізді баса көрсетеді.

Сондықтан аудиторияның не күтетінін білу өте маңызды, сонымен қатар мұны бейнелейтін рубрикалар мен модельдердің де болуы өте маңызды. Сонымен, біз жанрлар туралы білімді дамытуға не көмектесетінін қарастырдық. Біз сондай-ақ нәтиже қандай болатынын білгіміз келеді, өйткені біз негізінен жанрлық білімді ағылшын тілінде оқытамыз, бірақ біздің университетте, және менің ойымша, елдің көпшілігі студенттердің әр түрлі тілдерді жетік білгені мен нюанстарды түсінгенін күтеді.

[47.24]

Сонымен, біз осы дағдылардың барлығын ағылшын тілінде үйрете аламыз, бірақ біздің студенттерге орыс және қазақ тілдерінде ақпарат жинау қажет, олар үш тілде рефераттар жазуы керек, мүмкін болса, олар халықаралық компанияларда немесе ұлттық компанияларда жұмыс істейтін болатындықтан, сонда бұл дағдыларды тек ағылшын тілінде ғана емес, сонымен бірге орыс немесе қазақ тілінде, немесе тек орыс тілінде қолдану қажет болады.

Сонымен біз бір топ түлектерімізден осы тәжірибе туралы сауалнама алып, келесі жағдайларды білдік. Біріншіден, біз студенттердің ағылшын тілінде үйренген жазу мәнерлерін саналы түрде қазақ және орыс тілдерінде жазуға қолданатындығын білдік. Ең жиі кездесетін нәрселердің бірі - «негізгі мағынадан ауытқымау». Оларға ағылшынша «негізгі мағынадан ауытқымау» керек деп үнемі айтылады, ал бір студент: «Ой, мен бұрын әдемі сөздерді орыс тілінде жазатын едім, ал енді орыс тілінде мен «мағынадан ауытқымауға» тырысамын, - деді. Немесе олар біздің курстарда презентация дайындауды үйренді, сондықтан олар орыс немесе қазақ тілінде сол стильді немесе тәсілді қолданады. Кейде олар оң пікір алады, кейде әріптестері жаңа презентацияны немесе жаңа коммуникация стилін ұнатады, ал кейде оларға тойтарыс береді.

Сонымен бізде тағы бір мысал бар, студент «наверное, значит» - «it probably means» дегенді жазуға тырысқанда, бастық «Что значит наверное? Значит, и всё!» деген. Бірақ олар ағылшынша сіздің мұны ашық айта алмайтыныңызды біледі, өйткені сізде нақты жауап жоқ, сондықтан студенттер осы әр түрлі тәсілдерді бағдарлай білуге үйреніп, артқа шегіне отырып ағылшын тілінде үйренген жаңа құндылықтарын бекіту керек пе немесе не істеу керектігін шешуі керек, осы тәсілдерді таңдауда талғампаз болу қажет.

Бізде әлі жарияланбаған және алты университеттің шағын гранты есебінен қаржыландырылған қосымша зерттеулер бар. Орыс және қазақ тілдерін бірдей деңгейде меңгергендігі туралы есеп беретін студенттерде тілдер арасындағы дағдыларды беру қабілеттілігі туралы көбірек байқалатынын анықтадық, сондықтан тілдер арасындағы дағдыларды беру қабілетінің өзі тілдің жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылатын біліктілік, және мен мұны өзімнен де сеземін. Тағы да, мен ағылшын және орыс тілдерінен бір біріне ауысқан кезде, мен орыс тілінде қаншалықты жақсы сөйлесем, маған тілдер арасында шарлау оңайырақ болады, бірақ бізге нақты жанрларға және одан да көп жұмыс үшін қазақ және орыс тілдеріндегі нақты тәжірибелерді қалай оқыту керектігі туралы көп зерттеулер қажет. Студенттерді осы дағдыларға үш тілде қалай бейімделу және қолдану туралы ойлауға көмектесу керек.

Менің айтқанымдай, біз өз бағдарламамызда ағылшын және академиялық қазақ тілін оқытамыз, өйткені біз қазақ тілі тарихи тұрғыдан академиялық қарым-қатынас тілі ретінде қолдау таппағанын, орыс тілі тарихи жағынан басым болған жағдайда екендігін білеміз. Бірақ жұмысқа келетіндердің арасында тек орыс тілінде есеп жаза алатын, электронды хатты орыс тілінде жазатын студенттер бар, сондықтан біз орыс тілін де назардан тыс қалдыра алмаймыз, сондықтан мен: «Спасибо», «Рахмет», «Thank you» дей отыра, сұрақтарыңызды күтемін.

[51.12] Адина Арвату:

Көп рахмет, Бриджит. Менің ойымша, біз бәріміз көп нәрсені үйрендік. Мен сіздермен сөйлесу арқылы әрдайым көп нәрсені білемін. Бұл тәжірибемді студенттерге үнемі үйретемін. Мен оларға жазу тек жазу ғана емес, жазу дегеніміз адамдармен сөйлесу, қарым-қатынас барысында жаңа нәрселерді үйрену, өз болжамдарыңды іс жүзінде тексеру және басқалар деп айтамын.

Сіздің зерттеулеріңіз туралы есту әрдайым жағымды әсер қалдырады, көп рахмет. Енді сөз Джеймске беріледі, ол бізге Жазу орталығындағы кеңестер мен семинарлар туралы айтып береді. Естеріңізге сала кетейін, сіз чатта сұрақтар қоя аласыз, және біз панельдік сессияның соңында оларға жауап береміз. Рақмет сізге. Джеймс, сөз сізде.

[52.04] Джеймс Суайдер:

Рахмет, Адина. Сәлеметсіздер ме! Сіздер мені жақсы естіп тұрсыздар ма? Жақсы! Сонымен менің бөлімім: «Қалай»-дан «Неге» дейін: Жазу орталығындағы консультациялар мен практикалық семинарларда жанрды қолдану» деп аталады. Сіздер мені осында көрген боларсыздар, мен академиялық жазу орталығында жұмыс істеймін. Магистранттарға, докторанттарға арналған бағдарламамызға қолдау көрсету үшін, әсіресе, жазу орталығындағы жұмыста, мен жауапты болып табыламын. Бұған дейін және докторантурадағы оқуыма дейін мен Қытайдың Бейжің қаласындағы Цинхуа университетінде жұмыс істедім. Қытайда жұмыс жасамас бұрын мен шығармашылық жазу бойынша ағылшын тілі магистрі дәрежесін алдым, бірақ мен оқыту әдістемесін ешқашан зерттеген емеспін. Сондықтан болар, ағылшын тілі – ана тілі болған көптеген адамдар сияқты, біз осы тілді жетік білеміз, сондықтан біз ағылшын тілі - ана тілі емес адамдарға өз білімдерімізді береміз деп ойлады. Мен өте директивті болдым және ағылшын тілі қандай болуы керек екендігі туралы нақты ойларым болды. Мен бұл тек осылай болу керек, сондықтан менің айтқанымды орындаңыз деп айтар едім, және бұл студенттерге жазуды үйренудің дұрыс әдісі екеніне күмәнданбадым. Цинхуа университетінен шыққаннан кейін мен қолданбалы лингвистика және академиялық жазу бойынша қазіргі докторантура бағдарламасына түстім. Мен академиялық жазу, академиялық жазу теориялары курстарын оқи бастадым. Көптеген басқа ағылшын тілінің стратегтері сияқты академиялық жазу туралы түсінігімнің мүлде адасқанын, бұрыс болғанын ұқты. Мені Розина Липпи-Грин тіл туралы қалай ойлау керек екенін білдіретін тілдік идеологияны алға тартқаны үшін және ағылшын тілінің қалай жұмыс істейтінін тек ағылшын тілі

ана тілі болған адамдар ғана түсінеді деген ұйғарымым үшін сынға алар еді. Бұл ағылшын тілінің қалай жұмыс істейтіндігі туралы өте бір тілді көзқарасқа байланысты. Мұндай көзқарастың мәні: мен сияқты бір тілді адамдар шын мәнінде тек өз тілін түсінеді, ал оған жақындаған адам әрқашан тапшылық моделінде болады, тіпті, көптеген ағылшын тілінің дағдыларын меңгерсе де, үнемі сол тапшылық/дефицит моделінде болады. Суреш Канагараджа да тілдерді статикалық деп сипаттағаным үшін мені сынайтын еді, ал, шындығына келгенде, тілдер динамикалық болып табылады және үнемі өзгеріп отырады. Сонымен бұл тілдік ережелер бұрыннан қалыптасқан және олар әрдайым сол қалпында болады деген идея. Дегенмен, іс жүзінде біз ағылшын тілінің мыңдаған жылдар бойы дамығанын және ол дами беретінін толық түсінеміз, әсіресе, әр түрлі адамдар топтары жиналған сайын. Осының арқасында мен академиялық жазуға әр түрлі тәсілдер бар, олардың әрқайсысының өзіндік жағымды және жағымсыз жақтары бар екенін білдім. Сонымен 1979 жылы Ричард Фулкерсон 20-шы ғасырда дамыған және 21-ші ғасырда дамып келе жатқан академиялық жазуға төрт тәсілді анықтады. Цинхуа университетіндегі менің тәжірибем формалистік әдіс деп аталады, оған сәйкес жақсы жазу форманы қатаң сақтайды, ал бұл көбінесе жақсы жазу жақсы грамматикадан тұрады дегенді білдіреді. Алайда, көптеген зерттеулерден білетініміз, грамматиканы, әсіресе, грамматиканың жаңа ережелерін оқыту ағылшын тілі ана тілі болып табылатын және ондай топқа жатпайтын адамдар үшін де көбінесе жағымды нәтиже бермейді. Олар тек бірдей қателерді қайта-қайта жіберетін болады. Мен сондай-ақ билік көрінісі мен көптілді жазушы тақырыбына байланысты курстан өттім. Бұл негізі кері әсер тудырады, әсіресе көп тілді жазушылар үшін, себебі оларға ешқашан ағылшын тілін өздерінің ана тілі сияқты түсіну деңгейіне жақындай алмайтындығы туралы айтылады, және бұл олардың жазуға деген көзқарасын нашарлатады. Бұл бір әдіс, ал екіншісі - бұл толықтай қарама-қарсы, экспрессионистік тәсіл. Жақсы жазу шектеусіз, әрі өздігінен болады деген ойға негізделген. Осылайша, осы әдісті қолданатын адам студентке толық еркіндік береді және не істеу керектігін білмеген жағдайда ғана араласады. Бұл жазудың кейбір түрлеріне қолайлы болуы мүмкін, бірақ көбінесе студент шатасып, белгілі бір жағдайларда жазу барысында бұрыс позицияны ұстануы мүмкін. Жақсы жазу жақсы ойлаудан, яғни логикадан туындайтынын білдіретін миметикалық тәсіл де бар. Ал жазу процесі мен жазу барысында әр түрлі ойлау ұстанымдарын қабылдау жазуды үйренудің, яғни сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың аса маңызды бөлігі болып табылады. Бұл әрине құнды, бірақ кей кезде студент жазу барысында істейтін әрекеттерінің не үшін істеліп жатқандығын түсінбейді. Сондықтан мен риторикалық тәсілді таңдаймын,

яғни жақсы жазу кез-келген аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандырады. Менің академиялық жазу философиям осыған негізделген. Менің ойымша, бұл тәсіл алғашқы екі тәсілді теңестіреді және сыни тұрғыдан ойлау аспектісін қамтиды.

[57.45]

Сол сияқты біз жазу орталығында да оқытудың әртүрлі тәсілдерін көреміз. Адамдардың көбі жазу орталығы қандай жұмыс атқарады деп менен сұрайды. Бұл мәселе жазу орталығының педагогикасында да пікірталас тақырыбы болды. Изабель Томпсон директивті оқыту мен директивті емес оқыту арасында дихотомия бар екенін анықтады. Директивті оқыту барысында мұғалім оқушыны өзінің «мұны жаса» тәсілін ұстануға бағыттайды, ал директивті емес тәсілге сәйкес, оқушының шығармаға толық билігі бар, ал мұғалім авторды идеяларын білдіру үшін ынталандырады, бірақ, сайып келгенде, бұл сіздің мақалаңыз, сіз не істегіңіз келетінін өзіңіз шешесіз деп айтады. Композициялық тәсілден көріп отырғанымыздай, толық директивті және мүлде директивті емес тәсілдер кейде орынсыз нәтижелерге әкеледі. Сондықтан Томпсон жеңілден күрделіге қарай біртіндеп оқытуға назар аударуды ұсынады, мұнда мұғалім белгілі бір жазба түрінен не күтілетінін түсіндіреді және оқушыларға қажетті нәтижеге жету үшін не істей алатындығының бірнеше нұсқаларын ұсынады. Бұл Лев Выготскийдің «Проксимальды даму аймағы» теориялық құрылымына сәйкес келеді, оған сәйкес мұғалім оқушының жазу жайлы түсінігінің қандай екенін анықтап, соған байланысты шағын сабақтарды бейімдейді. Жеңілден күрделіге қарай қағидасына негізделген біртіндеп оқыту тәсілін қолданғанда, сізде оқушылардың пәнді түсіну деңгейін қалай анықтауға болатындығы туралы бірнеше сұрақтар туындауы мүмкін. Мұны қалай істеуге болады деп ойлайсыз? Сенімді емессіз бе? Ал мен өзім көргенімнің біразы мынадай. Осы тәсілдің көмегімен сіз студенттерге бірнеше нұсқаны ұсынасыз, содан кейін студенттер неге бір нұсқаны басқасынан гөрі ұнататынын түсіндіре алады. Сонымен, жанрға оралсақ, не себептен мен жазу орталығындағы консультация кезінде жанрлық тәсілді пайдалы деп санаймын. Бұрын айтылғандай, жанрлық түсіну жанрды дискурсивті қауымдастықтың сұранысына жауап ретінде алға тартады. Миллер мен Суэйлздің мысалынан көргеніміздей, бірақ олармен шектеліп қана қоймай, жанрды түсіну сіз жазған жанр арқылы әлеуметтік сәйкестілікті қабылдауға мүмкіндік береді және зерттеулер көрсеткендей, пациенттің формасын толтыруды үйренетін дәрігерлер пациенттерге деген сәйкес позиция қабылдауды үйренеді және дәрігер сияқты ойлауды үйренеді. Жанр дәрігерге не маңызды екенін, сонымен қатар пациентке қалай жол табуға

болатынын, қандай позицияны ұстануы керек екенін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, жанрлар сізді дискурсивті қауымдастыққа кіруге дайындаудың күшті әдісін ұсынады. Риторика тұрғысынан жанрлар риторикалық ойлауға кіріспені шаблон ретінде ұсынады, бірақ олар көшіруге арналмаған. Біздің академиялық жазу курсына бізде «They say – I say» оқулығы және әр түрлі шаблондар бар, бірақ іс жүзінде олар академиялық жазуда неліктен белгілі бір қадамдар жасайтынымызды ойлауға кіріспе ретінде қажет. Осылайша, жанрлар, демек, риторика арқылы студенттер Адлер-Касслер және Уордл шекті (бастапқы) деп анықтаған жазудың бірнеше тұжырымдамаларын игереді. Мысалы, метатану, яғни не үшін жазатындығыңыз туралы ойлау, әлеуметтік қызмет ретінде жазу және басқалары. Практикада немесе консультация кезінде бұл қалай іске асатыны, мен консультацияда жанрлар мен риторикаға сәйкес қандай жалпы сұрақтар мен мәлімдемелер жасай алатыным жайлы айтатын болсақ.

[1.01.52]

Біріншіден, егер сіз осындай жұмыс жазуға тырыссаңыз, мұның басқа тезистер мен мақалаларда қалай жасалатынын қарауыңыз қажет. Неге қарамасқа? Егер диссертациялардың архиві болса, біз студенттің тақырыбына қатысты бірнеше диссертацияларды қарастыра аламыз. Сонда мен одан жұмыстың әр түрлі бөлімдерінде не көретінін, бұл жұмыстың осы тақырып бойынша өз ұстанымын білдіруге, өз білімі туралы жазуға қаншалықты пайдалы болатындығын сұрар едім. Тағы да анықтай алатыным, студент өз жазуы аудитория үшін нақты, әрі түсінікті деп ойлайды ма, жоқ па. Бұл әсіресе мен сияқтыларға пайдалы, өйткені мен өзім докторантпын және диссертациям бойынша жұмыс істеп жатырмын. Мен өзімнің оқытатын студентім сияқты соған ұқсас дискурсивтік қоғамдастықтың бір мүшесімін, сондықтан мен тек тәлімгер ретінде ғана емес, сонымен қатар профессорларыммен бірлесе жұмыс істейтін докторант ретінде де ойланып, профессорда жазбаша тапсырмамен байланысты қандай проблемалар туындауы мүмкін екенін де болжай аламын. Мен студенттерге олардың зерттеулеріне негіз болатын шешім - белгілі бір тақырып бойынша зерттеулердің жоқтығын немесе жетіспейтіндігін түсіндіру деп айта аламын. CARS моделіндегідей: олқылық қайда? Сонымен сіз өзіңіздің зерттеуіңізді қалай негіздейсіз? Жанрға байланысты мен оқырмандар алдымен нәтижесін көріп, өздері қорытынды шығарып, содан кейін бірақ студенттің бұл туралы не айтатынын көре алатындай пікірлерді пікірталас бөліміне көшіруді ұсынар едім. Мен жазудың осы жанры (IMRAD) туралы білімді жеткізуге және әр түрлі бөлімдерді түсіндіруге, әр уақытта әр түрлі тапсырмаларды қалай орындайтынымды көрсетуге тырысар едім. Бір сәтте бір

зерттеуші шығармадағы негізгі деректерді қарастырғысы келуі мүмкін, бірақ басқа уақытта ол сіздің жеке пікіріңіз қандай екенін білгісі келеді, сондықтан жұмысты әр түрлі компоненттерге бөлу арқылы осы жанр басқа зерттеушілерге сіздің жұмысыңызды түсіндірудің пайдалы әдісін ұсынады. Мен грамматикалық, орфографиялық қателер сияқты локализацияланған мәселелер деп аталатын нәрсені атап өткім келеді, бірақ мен басқа мәселелерді шешу жолымен жүруге тырысар едім. Мені мазалайтын, жанрды тұтастай бұзатын басқа нәрселерді көрсетуге тырысар едім. Тағы да, студенттерге грамматика маңызды болғанымен, белгілі бір жанрда жазған кезде назар аударуымыз керек жалғыз нәрсе емес екенін көрсетуге тырысу. Жеке консультациялар беруден басқа, мен бірнеше практикалық семинарлар өткіземін. Сіз олардың біреуінде болған шығарсыз. Бұл әдебиеттерге шолу тақырыбындағы семинардың презентациясының үзіндісі, онда мен дәйексөз келтірудің АРА стилін түсіндіремін. Бұл тек сіздің жұмысыңыздағы дәйексөз келтірудің әр түрлі тәсілдері деп айта аламыз, бірақ сіз оны осы тәсілдердің бірімен дұрыс жасауыңыз керек. Дегенмен, семинар барысында мен дәйексөздің осындай бірнеше түрін не үшін қолданатынымыз жайлы да біраз сөз қозғаймын. Сондықтан, егер сіз оқырмандарыңызға зерттеушінің кім екенін айтқыңыз келсе, оның есімін сөйлемнің бір бөлігі ретінде қосуыңыз керек деп айта аламын, бірақ жалпы осы саладағы өз біліміңізді көрсетуге тырысқанда сіз өз дереккөздеріңізді жинап, сөйлемнің соңында жақшаға алу арқылы көрсете аласыз. АРА жанры, әлеуметтік ғылымдар саласындағы мақалалар / жұмыстар оқырмандардың назарын белгілі бір мәселеге аударту үшін осындай әртүрлі нұсқаларды пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мен осы семинарларда көрсетуге тырысатын риторикалық және жанрлық түсініктің бір түрі.

Соңында, мен жазу орталығы жайлы мақала жазған Стивен Норттың дәйексөзін оқығым келеді. Жазу орталығының идеясы, мен сияқты жазу бойынша тәлімгерлер үшін: «Біздің міндетіміз - жақсы жазу емес, жақсы жазушыларды дайындау». Бұл әрқашан түсініксіз, әрі парадокс тудырады. Егер сіз жақсырақ жазбасаңыз, жазу орталығының мақсаты неде? Бірақ, шын мәнінде, бұл сіздің өзіңіздің дискурсивті қауымдастығыңызда орныңыз қандай және жанрлар сізге сол қоғамдастыққа кіруге және табысқа жетуге қалайша мүмкіндік беретіні туралы. Сонымен, егер заманауи университеттің мақсаты студенттерді кәсіби жетістікке де, қазіргі әлеммен өзара әрекеттесуге де даярлау болса, онда жазу орталығы студенттерге заманауи коммуникацияны басқаратын жанрларды түсінуге және оларды игеруге үйрету арқылы өз үлесін қоса алады. Менің презентациям осымен аяқталады, негізгі сілтемелер осында көрсетілген. Егер сіз жазуға бағытталған педагогика және менің академиялық

жазу туралы түсінігім туралы көбірек білгіңіз келсе, менімен хабарласыңыз. Көп рахмет!

[1.07.30] Адина Арвату:

Рахмет, Джеймс! Бұл өте пайдалы болды. Сіз бүгінгі аудиториямызға біздің консультацияларымыздың қалай өтетіндігі туралы, егер сіз жазу орталығындағы консультациялардың бірінде болсаңыз, қандай әңгіме тыңдай алатыныңыз туралы нақты түсінік беріп отырғаныңыз үшін рахмет. Ал енді Ален өзін жақсы жазушыға айналғандай сезінеді ме, жоқ па, соны білейік. Себебі бұл академиялық жазу оқытушылары ретінде бәріміздің де ортақ мақсатымыз. Әдетте, біздің студенттердің жазғандарында грамматикалық қателіктер жоқтығына емес, олардың қаншалықты жақсы жазатынына, өздерінің рөлін түсінетіндігіне, өздерін жазушы ретінде көрсете алатындығына және т.б. көз жеткізуге баса назар аударылады. Ал енді мен Аленге сөз кезегін беремін. Рахмет, Ален.

[1.08.38] Ален Аскар:

Рахмет! Мен лингвистика курсын бір-ақ рет өттім, сондықтан өз тақырыбымды теориялық тұрғыдан емес, жеке тәжірибемнің негізінде ұсынуды жөн көрдім. Бірақ менің ойымша, бұл курстың, осы тақырыптың студенттер көзқарасы тұрғысынан қарастырылуы қызықты болады. Сонымен менің өмірбаяным туралы қысқаша айтар болсам, мен 2016 жылы Назарбаев Университетінде бакалавр дәрежесін алдым, содан кейін Санкт-Петербург университетінде екі жыл оқыдым, ал қазір Назарбаев Университетінде Еуразия ғылымдары саласы бойынша докторантурада оқимын. Сонымен мен «Жанрдан стильге және кері қарай» (*“From Genre to Style and back”*) курсын 2019 жылы өттім. Нәтижесінде, ойлау мен жазу стилім күрт өзгерді деп ойлаймын. Өзімнің диссертациялық жұмысымды мысалға келтіріп, осы өзгерістерімді түсіндіргім келеді. Кешіріңіз, менің магистрлік диссертациямның мысалы бойынша. Мен бұл диссертацияны 2018 жылы жаздым. Оның тақырыбы Ресей империясындағы мұсылмандар туралы болды. Магистрлік диссертациямның мазмұны өте жақсы болды, маған өзімнің қолданған дереккөздерім қатты ұнады, бірақ, өкінішке орай, Санкт-Петербургтегі комитет маған «үздік» емес, «жақсы» деген баға қойды. Мен неліктен жұмысым өте жақсы бағаланбады деп ойлап, көңілсіз күй кештім, өйткені менің жұмысымның мазмұны жақсы болды, құрылымды ұстандым және т.с.с. Шынымды айтсам, бұл жазу курсын оқығанға дейін осы ойлар мені мазалай беретін. Содан кейін мен кенеттен диссертациямда қандай қателіктер

жібергенімді түсіндім, және бұл мені жалпы қалай жазатыным жайлы ойлануға мәжбүр етті. Менің жазу шеберлігім тек эссе, кітапқа шолу жазумен және презентация дайындаумен ғана шектелетінін түсіндім. Мен бұл дағдыларды бакалавриаттың бірінші курсына игердім, содан бері менің жазу шеберлігім негізінен өзгеріссіз қалды. Бұл курс маған өз білімімді кеңейтуім керек, жақсы жазуды үйренуім керек екенін көрсетті. Мәтін - бұл жай сөйлемдер, абзацтар жиынтығы ғана емес, бұл автор мен оқырман арасындағы байланыс, т.б. екенін түсіндірді. Сонымен қатар менің магистрлік диссертациям диссертация сияқты емес, кітап немесе монография сияқты жазылғанын түсіндім, өйткені сол диссертация жазу барысында мен үнемі өз тақырыбым бойынша кітаптарды оқып, білмей осы кітаптарды жазған жазушылардың стилін көшіре бастадым. Менің диссертациямның құрылымына қатысты, мен IMRAD форматының құрылымы жайлы оның алдында білдім, кіріспе бөлімі, әдебиеттерге шолу, әдістер, зерттеу нәтижелері және талқылау бөлімі. Сонымен қатар курс барысында менің түсінгенім, менің жұмысымның барлық бөліктері - кіріспе, негізгі бөліктер, әдістер, барлығы бірдей ұқсас жазылған болды. Егер мен осы бөліктерді қайта реттесем, менің мәтінім көп өзгермейді. Енді мен мәтін құрылымын белгілі бір пішін түрінде ойлай бастадым. Менің ойымша, мен диссертациямды «құм сағаты» сияқты жазамын, яғни жалпыдан бастаймын, содан кейін мәтінімнің ортасында мысалдарды егжей-тегжейлерін қарастырамын, соңында, қорытынды және пікірталас бөлімінде, мен тағы да жалпы туралы жазамын, онда мен қорытынды жасаймын және т.б. Абзацтарға қатысты дәл сондай проблема, олар көбінесе ретсіз болды. Бұл бірнеше вагондары бар пойыз сияқты еді, егер вагондарды ауыстырсаңыз, ештеңе түбегейлі өзгермейді. Бұл ретсіз болды. Мен енді менің магистрлік диссертациямды тексерген профессорды түсінемін, себебі ол жұмысты оқу қиын болды. Докторантурада өткен жазу курсы барысында біз Хайоттың абзацтарды орналастыру әдісін үйрендік, оны ол біркелкі емес U (Uneven U) форматы деп атайды, және мен үшін әр сөйлемді белгілі бір ретпен жазу керемет тәжірибе болды. Әр сөйлем өзінің мазмұнына қарай абзацтың белгілі бір бөлігінде орналасуы керек. Мен тек тарихшылар сияқты нақты ақпараттан жалпыға қарай емес, сонымен бірге жалпыдан нақтыға қарай, сосын қайтадан жалпы туралы жазуға болатындығын түсіндім, және бұл мен үшін өте пайдалы болды. Қазір мен соңғы әдісті қолданғанды жөн көремін, әрдайым емес, бірақ көп жағдайда.

[1.14.00]

Осы курстағы жаттығуларды орындау өзімнің қалай жазатынымды түсінуге әсер етті. Профессор Арватуға егжей-тегжейлі тапсырмалар бергені үшін

рахмет. Ол онда біз не істеп жатқанымызды нақты түсіндірді, және біздің негізгі тапсырмаларымыздың бірінде - жанрлық талдау I, біз әр түрлі авторлардың ғылыми мақалаларын және онда қолданылған сөз орамдарын талдадық, IMRAD форматына жатады ма, жоқ па, автордың пікірталасқа қалай ықпал ететіні туралы талқыладық. Тарихшылар үшін жіктеу есімдіктерді қолдану өте маңызды, бұл қаншалықты жиі болған, автор ғылыми мақалада жіктеу есімдіктерді қолдана ма, т.б. Осы талдау аяқталғаннан кейін мен сол журналдан, *Ab imperio* деп аталатын Ресейдегі ең танымал тарихи журналдардың бірі, тағы бір мақаланы оқи бастадым. Мен келесі мақаланың, сол журналдағы мүлде басқа мақаланың, құрылымы өте ұқсас екенін, жіктеу есімдіктерді қолдануы шамамен бірдей деңгейде екенін, сөз орамдары да өте ұқсас екенін түсіндім. Жалпы, бұл журналдағы ғылыми мақалалар өте ұқсас. Мен бұл журналдың өз стандарттары, ғылыми мақала жанры туралы өз түсінігі бар екенін білмедім, және болашақта *Ab imperio* сияқты журналға бірдеңе жариялайтын болсам, басқа авторлардың осы журналға қалай жазатыны туралы түсінікке сүйенемін, бұл менің жазуымды жақсартуға көмектеседі деп ойлаймын. Біз *Ab imperio* журналының ғылыми қауымдастығына барған сайын көбірек интеграцияланамыз деп ойлаймын.

Бұл курстың мен үшін өте пайдалы болған тағы бір бөлігі - жаттығулар, семинарлар мен тапсырмалар. Тапсырмалардың көпшілігі өзара алмасу жұмысын қамтыды. Біз бес студент едік, және әртүрлі сала бойынша оқыдық: тарихшылар, антропологтар, әлеуметтанушылар және саясаттанушылар. Бір-бірімізбен жазба жұмыстарымызбен алмасқан сайын, мен үшін біраз қиын болатын. Маған олардың шығармаларын оқу қиын болды, өйткені мен күткен ақпарат абзацтың басқа бөлігінде, кіріспенің басқа бөлігінде болды. Мен осы пәндердің барлығында эссе, ғылыми мақалалар әртүрлі жазылатынын ұқтым, бәлкім, тарихшылар жазатындай емес. Мысалы, мен тарихшылардың көбінесе нақтыдан жалпыға қарай жазатындығына үйреніп қалдым. Олар кіріспе бөлімін бірден мысалмен бастайды, бұл риторикалық тәсілдің бір түрі, т.с.с. Мысалы, тарихшылар жіктеу есімдіктерін қолданбайды, әсіресе «орыс мектебінде» (қоғамында) *менің ойымша* немесе *мен санаймын* сөздерінен басталатын сөйлемдердің орнына, *бұл мақала, осы ғылыми мақалалар ұсыныс жасайды* деген тіркестер қолданып, жеке бір қатысу болмайды. Менде тіпті ғылыми мақала өздігінен жазылды ма деген сезім болды, білмеймін. Сонда менің ойлағаным, бізде *Ab imperio* сияқты журналда өзіндік форматы бар ғылыми мақалалар бар, біздің жанр туралы және ғылыми мақалаларды қалай жазуға болатыны туралы өзіндік түсініктері бар тарихшылар бар. Осы екі спектрлердің ортасында не қалады?

Курс барысында түйгенім, стандарттарды, қалыптасқан жазу тәсілін әрқашан ұстануға болады, алайда, сонымен қатар кейбір конвенцияларды бұзуға немесе мәтініңізге бір жаңалықтар енгізуге әбден мүмкін. Осыған байланысты жазу күрделене түседі, бірақ көптеген басқа жағынан қызықты бола бастайды. Мен тек мәтін мен сілтемелерде кең мағлұмат беру үшін ғана жазбай, жазба жұмысымда оқырманмен ойнай бастадым. Мен оқырман туралы ойлана бастадым. Қорытындылай келе, бұл «Жанрдан стильге және кері қарай» курсы мені өзгертті деп айтқым келеді. Мен жазуды ғана емес, оқуды да жақсы меңгердім деп ойлаймын. Енді мен әртүрлі ғылыми мақалаларды қалай оқуды жақсы түсінемін, өйткені оларды талдау нәтижесінде жақсы тани бастадым, әсіресе, әр түрлі пәндер бойынша. Басқа салада басқаша жазатынын түсінемін, сондықтан өзім жұмыстың маңызды деп санайтын бөліктеріне назар аудара аламын. Әлбетте, жазуым да жақсарды. Енді мен рефлексия мен жоспарлау кезеңінде өзімнің ғылыми мақалама немесе эссеге не қосатынымды ғана емес, сонымен бірге оны қайда қосу керектігін ойлаймын. Бұрын менде мұндай жоспарлау дағдылары болған емес. Жазу оңай болумен қатар қиындай да түсті, өйткені мен енді тек шығарманың мазмұнына ғана емес, өзім еніп жатқан кең пікірталастарға да назар аударамын. Жазба жұмысым өзімнің профессорыма ғана емес, өзіме және үлкен ғылыми және дискурсивтік қауымдастыққа арналады. Менің жазу мақсатым пайда болғандықтан, жазу оңай бола бастады. Профессорға жұмысты тапсыру ғана емес, сонымен қатар бұл белгілі бір сыныптың шегінен шығу мүмкіндігі туралы. Мен өзім өзгерте алатын нәрсе жайлы, ескі форматтардан қалай кету мүмкіндігі жайлы үнемі ойлаймын. Мен орыс тілінде жазылған көптеген материалдарды, орыс тарихшылардың жұмыстарын көп оқимын. Алайда, формальды түрде жазылғандықтан, оларды оқу кейде мені жалықтырады. Менің ойымша, қоғамдастыққа бұл формальдылықтан тыс, осы құрылымнан тыс көзқарасты ұсыну да өте пайдалы болуы мүмкін.

Шынында да, менің жазу дағдыларымның едәуір жақсарғанына, енді мен тек кіріспе, жұмыстың негізгі үш бөлімі және қорытындысы бар, студенттердің бакалавриат кезінде оқып үйренген форматын ұстанбайтыныма сендіре аламын. Мен жазушы ретінде күрделене түстім. Енді мен бұл стандарттардан тыс ойлана аламын, жұмыс істейтін әлдеқайда күрделі құрылымды ұсына аламын. Мен бұл курс үшін өте ризамын. Профессор Арватуға алғысымды айтамын. Назарларыңыз үшін көп рахмет!

[1.21.28] Адина Арвату:

Рахмет, Ален. Көп рахмет сізге! Мен осы курста оқыған керемет студенттеріме өте ризамын, қызықтысы, мен олардан әрдайым сабақта қолдануға болатын

жаңа нәрселерді үйренемін. Мен жиі ұмытып кетемін... Менің жазу процесіне көзқарасым мен үшін екінші жаратылысыма айналды. Біз осылай бастамайтынымызды, мен өзім жазушы ретінде олай бастамағанымды ұмытып кете беремін. Мен сіздерге айтқан болатынымын, ағылшын тілі менің ана тілім емес, және мен өзімді жақсы жазушы болуға үйретуім керек болды. Уақыт өте келе менің жазу дағдыларым да айтарлықтай жақсарды. Иә, мен мұндай нәрселер туралы өзімнің есіме түсіріп отыруым керек, және менің студенттерім бұл қиын жол екенін үнемі есіме салады. Оқыту неғұрлым айқын болса, біз жазудан не күтетінімізге, не үшін көп жазатындығымызға, мақсаттарымыз қандай, кімге жеткізуге тырысып жатқандығымызға байланысты айқынырақ бола түссек, және осы маңызды сұрақтардың барлығы дәл осы біздің оқытуымыздың бағдары болуы керек. Ал біз неғұрлым анық болған сайын, бәріне де жақсы деп ойлаймын.

Бізді тыңдағандарыңызға рахмет. Бізде аудиториямыздың сұрақтары бар екеніне сенімді емеспін. Жоқ деп ойлаймын. Бұл жағдайда менің қонақтарымызға қояр бірнеше сұрақтарым бар, бірақ оған жетпес бұрын, мен сіздерге хабарлайын дегенім, сұрақ-жауап бөлімінен кейін академиялық жазу орталығының директоры Кэри Пичинскидің қорытынды сөзін тыңдайтын боламыз.

Мен Джеймске арналған өте нақты сұрақтан бастағым келеді. Студенттер жазу орталығына келіп, тек грамматика туралы сөйлескісі келетінін айтса, не істейсіз? Немесе олар өздерінің жұмысында не дұрыс емес екені туралы Сіздің нақты айтқаныңызды қаласа? Сіз мұны қалай шешесіз?

[1.24.11] Джеймс Суайдер:

Иә, бұл керемет сұрақ. Біріншіден, консультацияның өзі студентке арналған және студенттің қажеттіліктеріне сай бейімделген. Әдетте, студент консультацияға жазылу кезінде одан қандай мәселеге назар аударғысы келетіні туралы сұрайды. Егер студент өзінің грамматикасына шынымен назар аударғысы келетінін айтса, иә, мен оны қабылдаймын. Мен белгілі бір сөйлемдерді қараудан бас тартпаймын, бірақ, алдында айтқанымдай, грамматиканы қарастырған кезде мен одан тыс сұрақтарды көрсетер едім, және: «Сіз шыныменен бұны айтып тұрсыз ба, әлде басқа нәрсені білдіріп тұрсыз ба? Неге бұл идеялардың барлығы бір абзацта жатыр?» - деп сұрар едім. Академиялық жазудың оқытушылары ретінде, біз тапсырмаларға қатысты мәселелерді түсіндіре алатын болсақ, студенттеріміз кейде ағылшын тілінде сол нәрселерді жеткізе алмай жатады. Оның себебі, біз оқытушылар

ретінде жиі жиналатындықтан, жазбаша жұмыстарда назар аударатын нәрселерді сипаттайтын рубрикалар, өзіндік терминдер әзірлейтіндіктен, ал студенттер кейде бұл тілді сөзбе-сөз білмейтіндіктен, олар тек «грамматика жазбаша жұмыста маңызды болып табылады, сондықтан грамматика дұрыс болуы керек» дегенмен, олар шын мәнінде басқа мағынаны білдіруі мүмкін, бірақ нақты түсіндіру үшін терминдерді білмейді. Әрине, консультация студенттерге арналған, және мен студентті мазалайтын мәселелерге назар аударуым керек, бірақ сонымен бірге, мен бір нәрсенің неге дұрыс емес деп есептелетіндігін түсіндіріп, әртүрлі нұсқаларды ұсына отырып, үстемдік етпеуге тырысамын. Оның орнына консультация кезінде мен маңызды болуы мүмкін басқа мәселелерге назар аудару қажеттілігі бар-жоғын білемін, және, жалпы, осылай бұндай жағдайлардан шығамын. Жазу орталығы тек жазба жұмыстарды түзету және редакциялау шеберханасы ретінде жұмыс істейді деген айыптауларға келетін болсақ, біз мұндай элементтерді қызметімізге енгізе алсақ та, шын мәнінде, біз одан едәуір көп нәрсе жасай аламыз. Бұл менің осы сұраққа берген жауабым.

[1.26.27] Адина Арвату:

Иә, рахмет, Джеймс. Иә, әрине. Біз мұнда барлық серіктестерімізбен және мүдделі тараптармен әңгімелесіп отырғанымызды әрдайым есте ұстауымыз керек, өйткені жазу - бұл әлеуметтік қызмет, сондықтан біз көмектеспес бұрын шынымен тыңдауымыз керек. Біз сондай-ақ аудитория мүшесі Робиннен сұрақ алдық. Көп рахмет! Сұрақ: Әрбір жеке факультетте немесе мектепте мен сипаттаған WCS730 курсына ұқсас докторанттарға арналған жанрға бағытталған курс бар ма? Менің ойымша, Кэри бұл сұраққа менен гөрі жақсы жауап бере алады деп ойлаймын. Кэри Пичински, ол біздің директорымыз. Алайда, менің білуімше, қазір біз олардың кейбіреулерін ғана нақты бағдарламалар үшін оқытамыз, бірақ біз үнемі келіссөздер жүргіземіз, бұл туралы әрдайым жаңа профессорлармен сөйлесеміз. Біз осындай курстарды олардың қажеттіліктеріне қарай әрдайым құруға қуаныштымыз. Кэри, сіз қосымша бір нәрсе айтқыңыз келе ме?

[1.27.45] Кэри Пичински:

Жоқ, сіз бәрін де керемет түсіндірдіңіз деп ойлаймын. Рахмет! Иә, біз медицина мектебінде биомедицина ғылымдары бағдарламасы бойынша

оқытын докторанттарға жанр жазу курсы оқытып жатырмыз, бірақ одан басқа, Адина, бұл сіздер.

[1.28.03] Адина Арвату:

Бұл мен және Хэзер, барлығымыз да. Өйткені, біз мүмкіндігімізше көбірек адамдарға қол жеткізуге тырысамыз. Бүгінде біз осыны істеп жүрміз. Сондай-ақ біздің бүгінгі аудиториямызбен студенттерді жақсы жазушы ету туралы талқылауымызды бастағымыз келеді. Жарайды, Робиннен тағы бір сұрағымыз бар. Рахмет. Сұрақ: Қызметті кеңейту үшін жеке байланыстар мен келіссөздер маңызды болып тұр ғой, солай ма?

Сіз жазу орталығындағы консультацияларды айтып отырсыз ба, Робин? Сіз қазір қандай қызметті айтып тұрсыз? Чатта жаза аласыз ба? Нақты пәндер туралы. Иә, мен түсінемін. Жақсы сұрақ. Иә, бұған қысқа жауабым - иә. Біріншіден, біз бағдарламаның қажеттілігін түсіну үшін өте жақсы тыңдап, сұрақтар қоюымыз керек, өйткені Аленнен естігеніңіздей, ол 730 курста әлеуметтанушылармен, антропологтармен және саясаттанушылармен бірге жұмыс істегеніне қатты таң қалды, және олардың көзқарастары, сөйлеу, жазу және ойлау тәсілдері әртүрлі болған. Осылайша, біз пайымдай алмаймыз, пайымдамаймыз да, іс жүзінде біз адамдарға жазу - ол жалпы термин емес, бұл бәріне бірдей емес, ал проблемалар минималды деп сендіруге көп жұмыс жасаймыз, және бізді біріктіретін нәрсе - бұл әр түрлі қажеттіліктерді ескере отырып, кез-келген пән бойынша жазудың дамуын қолдайтын озық тәжірибелерді табуға арналған тәсіл деп айтамыз. Жалпы, иә, сіз дұрыс болжадыңыз. Менің білуімше, бұл біздің жалпы көзқарасымыз. Кем дегенде, 730 курс үшін солай болды. Алдымен бізге бағдарлама туралы білу керек болды. Бұл да жаңа бағдарлама, өте қызықты, әрі өте интенсивті бағдарлама. Бірінші жыл өте қарқынды болғаны есімде және Аленнің де есінде екеніне сенімдімін.

[1.31.01] Кэри Пичински:

Адина, мен біраз мағлұмат қосайын. Докторантура студенттеріне арналған курстар сәл басқаша. Сіз беріп жатқан дәрісіңіз және медицина мектебінде Хэзер оқытып жатқан курс. Сонымен қатар біз өз мектебімізде магистратура курстарын өткіземіз, жаратылыстану бөліміндегі студенттерге ғылым саласындағы коммуникация курсы өткіземіз, және бұл биология, химия, физика, математика мамандықтары бойынша оқытын студенттердің аралас тобы. Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінде магистранттарға

техникалық коммуникация бойынша өте ауқымды курсты оқытамыз. Сонымен бұл қарқынды курстар, олар тек белгілі бір жазу түрлеріне ғана бағытталмаған, сіз оқытатын негізгі тәсілдер, жанрлық тәсілдер, риторикалық хабардарлық және т.б. қамтиды. Алайда, олар Ален өткен курстан сәл өзгеше құрылымдалған. Олар магистратура деңгейінде жазуға көбірек бейімделген, сонымен қатар конференцияға презентация дайындауды қамтиды.

[1.32.05] Адина Арвату:

Жақсы. Мен чатта басқа сұрақтардың барын көріп тұрған жоқпын, және біз уақыттан да сәл асып кеттік. Бұл әңгімені жалғастырғым-ақ келеді, бірақ бүгін сенбі күні екені де есімде. Сонымен әзірше, егер аудиториядан басқа сұрақтар болмаса, мен біздің пікіріміздің негізгі түйініне тоқталайын. Жанр маңызды, оның маңыздылығы – бұл сізден күтілетін нәрсеге қатысты емес, көбінесе жазушы ретінде сіз не істей алатындығыңызға қатысты, өзіңіздің позицияңыз, үлесіңіз және оны қалай тиімді жасай алатыныңызға қатысты. Ал қазір мен сөзімді директорымыз Кэри Пичинскиге өзінің қорытынды сөзін айту үшін беремін. Қатысқандарыңыз үшін көп рахмет. Бізбен байланыста болыңыздар, жазу тақырыбындағы сұхбаттарға әрқашан ашықпыз. Рахмет.

[1.33.36] Кэри Пичински:

Адина, сізге және бүгінгі қатысушыларға рахмет. Менің презентациямның слайдтары жүктелгенше, мен алдымен бүгінгі панельдік сессияда сөз сөйлеген қатысушыларға, сондай-ақ осы айдың әр сенбісінде өткен барлық симпозиум қатысушыларына алғыс айтамын. Мен алғыс айтып, сонымен қатар Назарбаев Университетіндегі «Жазу жайлы әңгіме» атты алғашқы симпозиумды қорытындылау үшін бірнеше минут уақыт бөлгім келеді. Слайдтарым барлығыңызға көрінеді ме? Иә, жақсы. Біздің алғашқы симпозиумның мақсаты - өзімізді Назарбаев Университетінің Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық мектеп жанындағы Академиялық жазу орталығы деп таныстыру. Сонымен қатар біз өзімізді жұмысымызға қызығушылық танытатын Қазақстандағы басқа әріптестерімізге және шетелдік әріптестерімізге таныстырып, өздеріңізге бағдарлама шеңберінде не істеп жатқанымызды көрсеткіміз келді. Сондықтан біз бұл алғашқы симпозиумды бастапқы нүктеміз ретінде қабылдадық. Менің кіріспе сөзімді көргендеріңіз болса, кешірім сұраймын, себебі мен алдыңғы презентациямдағы бағдарламамыздың әр түрлі аспектілері мен олардың өзара байланысы көрсетілген бір слайдын алдым. Біз бүгін бұл аспектілердің барлығын қамтыған жоқпыз, өйткені шын мәнінде өзіміздің оқу жоспарымызға назар аудардық. Алайда, осы аспектілердің барлығы бір-бірімен байланысты, және

олар педагогикалық қағидалар арқылы байланысқан деген ой бар жұмысымыздың негізінде бар. Мұны сіздер сәуір айындағы презентацияларымыздан көре алдыңыздар деп үміттенемін. Біз не істесек те, бағдарламамыздың қай саласында жұмыс жасасақ та, бәріміз бірдей риторикалық хабардарлыққа баса назар аудару принциптерін ұстанамыз. Бұл дегеніміз, жазу контексттегі аудиторияға арналады және белгілі бір мақсатқа сәйкес келеді деп оқыту. Сондықтан біз студенттердің риторикалық хабардарлықтың осы элементтерін танып, оларды талдап, түсініп, осы элементтерді ескере отырып жаза білгенін қалаймыз. Бұл біздің курстарымыздағы барлық жұмыстардың, біздің жазуды қолдауымыздың және т.б. негізі. Сонымен қатар біз жазуды процесс ретінде үйретеміз, сондықтан бұл бірнеше мәрте өңдеуден өтеді. Бұған қоса, жазу әлеуметтік процесс ретінде де қарастырылады, риторикалық хабардарлық пен процесс ретінде жазудың ортасында. Осылайша, біз студенттерге жазуға дайындық кезеңінде, олардың не айтқысы келетінін, кімге айтқысы келетінін, қалай айтқысы келетінін ойластыру барысында қолдау көрсетіп, әрі бірнеше рет жұмыс жобаларын жазу барысында оларды сүйемелдеуге мүдделіміз. Біздің курстардың құрылымы бұл процестің маңыздылығын айқын көрсетеді және жеңілден күрделіге қарай біртіндеп білім алуға мүмкіндік береді, студенттерге оқу барысының қорытынды кезеңіне өтуге көмектесу үшін дамуға ықпал етеді. Оқудың аяғында студенттер кей кезде зерттеу жұмысының нәтижесін, немесе бірге оқитын студенттермен және оқытушылармен келісім нәтижесінде өңделген жұмысының нәтижесін көреді. Жазуды оқыту барысында жанрлық тәсілді қолдаймыз, магистратура/докторантура студенттеріне және бакалавр-студенттеріне арналған курстар шеңберінде де. Бұл сіздерге мәлім де шығар, өйткені біздің бүгінгі панельдік сессиямыз сол тақырыпқа арналды. Осылайша, бакалавриат курстары академиялық және кейбір жағдайларда кәсіби жанрларға бағытталған. Сонымен қатар біз студенттердің тәжірибесіне назар аударамыз. Мен осыны бірінші сессиядағы слайдтарыма енгізгенде, бұл біздің бағдарламамызды не үшін өзгертетіндігіміздің, біздің бағдарламамыздың қалай дамып жатқандығын, сол өзгерістерді не қозғайтынын негіздеу үшін себеп болу керек еді. Біздің бағдарлама студенттердің тәжірибелеріне, студенттердің кері байланысына, студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруына негізделген, бірақ бұған мен контексті тануды да қосамын. Біз ағылшын тілінде оқытатын оқу орнымыз, студенттеріміздің барлығы көптілді, олар ағылшын тілін қосымша тіл ретінде оқиды, немесе көптеген қосымша тілдердің бірі болады. Сондықтан біз осыны ескере отырып, жазу орталығындағы студенттерге сабақ беру мен

оларды қолдау тәсілдерін бейімдейміз. Осылайша, біздің студенттеріміз бірегей бағдарлама құруға өз септігін тигізіп, көмектеседі.

[1.38.07]

Енді мен алғыс айтуға көшейін. Біріншіден, осы айда өткізілген төрт панельдік сессиядағы спикерлерімізге алғысымды білдіремін. Олар мұнда презентацияларының реті бойынша келтірілген. Бұл біздің алдыңғы сессияларымызға қосылған адамдар үшін қайта еске салу болса, ал барлық презентацияларға қатыса алмағандар үшін бір кішкене қызықтыру сияқты. Осы презентациялардың видео-жазба нұсқалары біздің веб-сайтта қол жетімді болады. Оларды сіздер көре аласыздар. Қазіргі уақытта біздің әріптесіміз, әрі біздің ұйымдастырушы топтың мүшесі барлық презентацияларымыздың субтитрлерін қазақ және орыс тілдерінде дайындауда. Субтитрлері бар нұсқалар пайда бола салысымен, олар біздің веб-сайтта орналастырылады.

Симпозиумды ұйымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Біз бірнеше ай бойы апта сайын кездесіп тұрдық, және бұл симпозиумды ұйымдастыру кішкене бір идеядан басталған еді. Сондықтан осы дауыстардың барлығы біздің симпозиумды құруға және безендіруге, оның болашақта қалай көрінуі мүмкін екендігі туралы ойлауға, сондай-ақ оны қол жетімді етуге үлкен үлес қосты. Симпозиум ұйымдастыруды қолдау тобына барлық аудармаларды орындайтын, біздің жазу орталығының оқытушы көмекшісі - Жанар кіреді. Талқылау тезистерінің аудармалары қазір біздің веб-сайтта қол жетімді, ал біздің барлық бейнежазбалар аударылатын болады. Бұл топқа тағы Жанна, біздің тәжірибе өтуші студентіміз кіреді. Ол біздің қызметімізді әлеуметтік желілерде кеңінен жариялап, дизайнмен көмектесті. Сонымен қатар біздің симпозиум туралы ақпарат таратудағы ынтымақтастықтары мен қолдаулары үшін кейбір ұйымдарға алғыс білдіргім келеді. Erasmus Plus ұлттық кеңсесі және Алматы ашық әдеби мектебі. Біз бұл ұйымдармен симпозиумды ұйымдастырмас бұрын да жұмыс істедік, іс жүзінде симпозиум идеясы Erasmus Plus ұлттық кеңсесінде өткізген вебинарды дайындау барысында пайда болды. Біз сондай-ақ KAZ-TEA - қазақстандық ағылшын тілі мұғалімдері қауымдастығына, Қазақстандағы өз мүшелерін осы симпозиумға шақыруын ұйымдастырғаны үшін алғыс айтамыз. Бұл керемет болды, көп рахмет. Бұған қоса, Go Viral Festival and Network - бұл біздің өтінішімізге жауап беріп, осы іс-шара туралы ақпаратты таратуға көмектескен ұйымдар.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, біздің алғашқы симпозиумнан кейін біз әңгімені жалғастырғымыз келеді, сондықтан біз бұл симпозиумды жыл сайын өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл әрдайым Назарбаев Университетіндегі

тақырыбы өзгеріп отыратын Жазу жайлы әңгіме атты симпозиум болып қалады, және біз НУ-дан басқа да дауыстарды тартқымыз келеді. Университетіміздегі басқа мектептердің оқытушыларымен – д-р Бриджит Гудмэн, сондай-ақ екінші панельдік сессиямызда басқа кафедраның оқытушысымен – д-р Виктория Торстенссонмен бірлесіп жұмыс істегеніміз керемет болды. Алайда, біз осы ағылшын тілінде академиялық жазуды оқыту саласына қызығушылық танытатын басқа да ғалымдарды, оқытушыларды, ұйымдастырушыларды тартқымыз келеді.

Бізбен байланыста болуларыңызды сұраймыз. Егер сіз осы іс-шараға тіркелген болсаңыз, менде сіздің электрондық поштаңыз бар, және мен сізге болашақта ынтымақтастық орнатып, бірлесе жұмыс істеуге ұсыныс жіберу үшін байланысатын боламын. Біз туралы және Жазу жайлы әңгіме симпозиумы туралы барлық ақпаратты біздің веб-сайтымыздан таба аласыздар, сілтеме дәл осы жерде. Егер сіздерде қандай да бір сұрақтар туындаса, writingtalks@nu.edu.kz электронды поштасына жазуларыңызды сұраймыз. Жақсы, енді мен осы айда бізге қосылған барлық симпозиум қатысушыларына алғысымды білдіргім келеді. Назарбаев Университетіндегі Жазу жайлы әңгіме атты алғашқы симпозиумға қатысқандарыңыз үшін рахмет. Келесі жылы сіздерді күтеміз. Көп рахмет!

[1.42.29] Адина Арвату:

Барлықтарыңызға рахмет! Бізбен болғандарыңыз үшін рахмет. Көңілді сенбілік демалыс тілеймін!